

банковским операциям в банке (при этом представленная до назначения временной администрации карточка подлежит аннулированию);

– представляет комиссии по временному управлению информацию о фактическом состоянии хлопкоперерабатывающей организации и вносит предложения по улучшению хозяйственной деятельности данной хлопкоперерабатывающей организации.

Возникла острая необходимость государственного регулирования экономики специальных экономических зон в совершенствовании экономических взаимоотношений между товаропроизводителями и перерабатывающими предприятиями, которые должны осуществляться в следующих направлениях: планирование, формулирование и установление производственно-экономических отношений с учетом полной хозяйственной и юридической самостоятельности; механизма ценообразования, системы взаиморасчетов в соответствии с повышением экономической заинтересованности в совместной деятельности.

Таким образом, организация управления в специальных экономических зонах позволяют сформировать комплексный подход в развитие производства и направлено на повышение его результативности.

Литература

- 1 Адасбаев Е. Анализ развития малого предпринимательства в 2005-2006гг. и прогноз на 2008 год // Аль-Пари. – 2007. – № 3. – С.34-36.
- 2 Зименков Р.И. Свободные экономические зоны: американский опыт //Российский экономический журнал. – 2004. – № 3. – С. 78-86.
- 3 Игнатов В.Г., Бугов В.И. Свободные экономические зоны. – М.: Ось-89, 1997. – С.192.
- 4 Ишоу. Специальные экономические зоны в Китае: цифры и факты (включая зону Шеньгжень) и Фонд мира Сасавана //Кагаку тб коге. – 1996. – Т.39, № 7. – С.487-520.
- 5 Анищук Ю. КНР: специальные экономические зоны // Экономическое сотрудничество стран – членов СЭВ. – 1998. – № 8. – С.40-45.

Арнайы экономикалық зоналар еліміздегі сыртқы экономикалық және орта шаруашылық мәселелерін шешу үшін құрылады. Өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде негізінен мемлекет территориясына келетін тауарларды тиейтін және түсіретін сыртқы сауда типіндегі зоналар қызмет етеді. Негізінен бұл жерде өндіру қызметі шағын көлемде іске асырылады және базарлардағы өтімділікке сәйкес бағытталған. Негізгі ынталандыру кедендік жеңілдіктер мен экспорттық және импорттық бақылаудың алынып тастауы болып табылады.

Special economic zones are being created for the decision as external economic, and common economic issues of the country. In the industrially developed countries mainly the zones of the foreign type trade which are carrying out cargo handling operations with transit and acting on the territory of the country by the goods. Usually industrial activity here is carried out in the insignificant sizes and directed on external completion corresponding commodity markets. The main stimulus is customs privileges and canceling of the export-import control.

Д.С. Мурзаханов

КӘСПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Кәсіпорынның қаржы жағдайы осы кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

А.И. Ковалев және В.П. Привалов қаржылық жағдай ұғымын былайша түсіндіреді: «Қаржылық жағдай - бұл қаржы ресурстарының қолда барын, үлестіріліп таратылуы және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы». [1]

Профессор И.Т. Балабанов «Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы - бұл оның қаржы бәсекелестік қабілеттілігінің сипаттамасын (яғни төлем қабілеттілігі, несиеге қабілеттілігі) қаржы ресурстары мен капиталды пайдалану, мемлекет алдында және басқа да шаруашылық субъектілерінің алдында өз міндеттемелерін орындау».[2] Ал кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нені білдіреді? Бұл сұрақ та арнайы оқулық-тарда түрліше түсіндіріледі. Бір авторлар қаржылық тұрақтылықты "өз қаражаттарын шебер пайдалану қабілеттілігі, жұмыс процесінде үздіксіздігін қамтамасыз ететін қаржының жеткілікті болуы" деп түсіндіреді. Қаржылық тұрақтылық меншікті және қарыз қаражат-тарының байланысы деп жазады.

Кәсіпорында тұрақты қалыптасқан табыстық шығынның артуының өзіне тән айнасы қаржылық тұрақтылық болып табылады. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдаланып, оларды тиімді қолдану арқылы өндіру мен өнімді өткізу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ кәсіпорынды кеңейтуге және жаңартуға қажетті шығындарын қаржыландыратын кәсіпорынның қаржы ресурстық жағдайын сипаттайды. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы - бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы.

Қаржылық тұрақтылық - бұл табыстың шығыннан тұрақты дәрежеде артуы. Ол ақша қаражаттарын еркін пайдалануды қамтамасыз етеді және оларды тиімді пайдалану арқылы өндіру және өнімді сату процесінің үздіксіз болуына жағдай жасайды. Сондықтан да қаржылық тұрақтылық барлық өндіріс-шаруашылық қызметі процесінде қалыптасады және кәсіпорынның жалпы тұрақтылығының негізгі бөлігі болып табылады. Ал кәсіпорынның жалпы қаржылық тұрақтылығы, ол ең алдымен әрдайым табыстың шығыннан артуын қамтамасыз ететін ақша ағымының қозғалысын көрсетеді. Нарық жағдайында ол ең бірінші өнімді (жұмыс, қызмет) өткізуден түсетін табыстың тұрақтылығын талап етеді және оның мөлшері мемлекетпен, жабдықтаушылармен, несие берушілермен, жұмысшылармен және тағы басқалармен есеп айырысу үшін жеткілікті дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар кәсіпорынның одан әрі дамуы үшін барлық есеп айырысулар мен барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, осы кәсіпорында өндірісті дамытуға, оның материалдық-техникалық базасын жаңартуға және де әлеуметтік климатты жақсартуға және басқаларға мүмкіндік ретінде дәрежеде табыс қалуы қажет.

Кәсіпорынның дағдарысқа ұшырауының алдын неғұрлым ертерек алуда бақылау жүйесін қалыптастырудың маңызы ерекше. Оның негізгі бағыттары жөнінде мыналарды көрсетуге болады:

- кәсіпорынның негізгі қызметі бойынша өз әріптестерінің, тауарлы өнімді жеткізіп берушілердің, несиегер, банк, өнімді тұтынушылардың кәсіпорынға деген теріс көзқарастарын мезгілде сезіну;
- қайта ұйымдастыруға байланысты барлық өзгерістер (мәселен: ұйымдық, кәсіпорынның жабық және ашық бөлімшелері, филиалдары, еншілес бөлімшелері, олардың бірігулері);
- тауарды жеткізіп берушілердің жиі және негізсіз алмасулар;
- нарықтың жаңа түрлеріне шығу;
- материалдар мен шикізаттарды көтере сатып алу;
- басқа да кәсіпорынның стратегиясындағы құбылыстарды зерделей қадағалап, олардан жедел де тиісті қорытынды шығару.

Кәсіпорынның ойсырауы кейде оның жоғарғы деңгейдегі басшылары арасындағы жанжалдар мен келіспеушіліктеріне де байланысты. Банкроттың басқа да ертерек байқалатын белгілері болады, кәсіпорын қызметіндегі қаржылық көрсеткіштердің өзгеруімен байланысты, сапалы түрде қаржылық есеп беру, оның уақытымен орындалмауы, аудиторлық тексерудің жүргізілмеуі:

- бухгалтерлік есеп беруді кешіктіріп ұсыну және оның сапасын өзгерту, саналы (әдейі) әрекеттерге, не құрамның төменгі деңгейіне немен куәлік беру; осы және басқа да белгілер қаржылық басқарудың болымсыздығына әкеліп соғады;

- бухгалтерлік баланс статьяларын пассив және актив жағынан өзгерту және олардың анықталған сәйкестігін бұзу;

- кәсіпорынның жеткізілім бойынша өзінің міндеттерін орындаудағы не қызығушылықтарын, не болуы мүмкін қабілетсіздіктерді жөнінде немен түсіндіре алады, материалдық запастардың артуы және кемуі;

- жеткізушілер және несие беруде кәсіпорын қарыздарының артуы;

- кәсіпорынның табысын төмендету, кәсіпорындағы акция құнының кемуі, кәсіпорында өз өніміне өзгермелі (жоғары немесе төмен) бағаның белгіленуі.

Үнемі есепке алып отыратын, былайша айтқанда, әрдайым сақ болатын жәйттер: кәсіпорынның кезектен тыс тексерілуі; коммерциялық қызметтердің орынсыз шектелуі; лицензиялардың алынып тасталуы немесе тоқтатылуы және т.б.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын камтамасыз ету, дағдарыстың алдын алуды ұйымдастыру - өндірісті басқарудың құрамдас бөлігі.

Осы кезеңде кәсіпорын басшылығын қайта бекіту немесе алмастыру қалыптасқан жағдайды кешенді талдау және бағалау жұмыстары жүзеге асырылады. Өндірістік бағдарламаның қайта қаралуына сәйкес:

- кәсіпорынды дамытудың стратегиясы да өзгереді;
- нарықта кәсіпорынның тыңғылықты позициясын рәсімдеу;
- шығарылатын өнім атауларын жаңарту;
- жаңа нарық сегменттерін игеруді қарастырады.

Банкроттыққа қарсы стратегиялық жоспарлау Банкроттыққа қарсы кәсіпорындарды басқаруда маңызды шаралардың бірі жаңа жоспарлау, стратегиямен байланысты жоспарларды жүзеге асыру қажеттілігі болып табылады.

Сондықтан «стратегиялық жоспарлау ұғымы жаңа қоғамдық мәнге ие болуы деуге болады: нарықтық экономикада тек банкроттыққа қарсы жоспарлау бар, бірақ стратегияны жүзеге асыру, отандық кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігін және тиімділігін көтеру экономикадағы мемлекеттің рөлі мен қызметінің кеңеюі мен байланысты.

Дамыған елдерде мемлекетпен анықталатын стратегиялар экономиканың жақын онжылдығының дамуын анықтаған. Мемлекеттің нарықтық процестерде белсенді қатысудағы бағыттарының бірі банкроттық процесін басқарудағы оның ролінің өсуін атауға болады. Стратегиялық жоспарлау негізінен көптеген факторларға байланысты:

- таңдаған даму стратегиясы;
- қаржылай жағдайы;
- қосымша несие алу мүмкіндіктері;
- кәсіпорынның материалдық кепілдіктері;
- саладағы және нарықтағы бәсеке;
- халықаралық орта;
- экономикалық, саяси, әлеуметтік факторлар;
- персонал сапасы мен жетілуі;
- басшылық деңгейі мен кәсіпорындағы ұйымдастырылған мәдениет.

Банкроттыққа қарсы басқаруды жүйелік тәсілдеме арқылы, яғни банкроттықтың алдын ала диагностикасын, оны жою әдістеріне дейінгі шаралар жиынтығын қарастыру. Бұл тұрғыда, тек кәсіпорынның банкроттықтық жағдайдан шығуын ғана емес, сонымен бірге банкроттықты болжау, оның себептерін талдау, теріс салдарын азайту шараларын жүзеге асыру мен оның факторларын келешектегі дамуына қолдануға бағытталады.

Кәсіпорындағы стратегиялық жоспарлаудың негізгі бағыттары Жоғардағы сурет бойынша тек отандық нарықтың жағдайын ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынның мүмкіндіктеріне, яғни өндірістік қуат, экономикалық және қаржы ресурстары, коммерциялық қызмет мүмкіндіктері, т.б. банкроттықтық жағдайдан шығу бойынша мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпорындағы банкроттық процестеріне сапалық және сандық факторлар әсер етеді. Банкроттықты болжау оның пайда болуына дейін 1,5-2 жыл бұрын белгілерін тануды білдіреді.

Жалпы банкроттыққа қарсы басқарудың бағдарламасын жасауда негізгі мақсаттарын анықтау қажет:

1. Төлем қабілетсіздікті жою: ішкі және сыртқы міндеттемелерді қысқарту есебінен және қаржы ресурстарының көлемін көбейту арқылы жүзеге асыру: ұйымдық құрылымның оптимизациясы және тұрақты шығындарды азайту; айналым шығындарын өндірістік процестің автоматизациялау есебінен және негізгі және қосымша бөлімшелердегі персоналды қысқарту арқылы азайту;

2. Қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру: тиімді баға саясаты жүзеге асыру арқылы жеңілдік жүйелерін қолдану арқылы және өнімді нарыққа шығару әдістерін ұйымдастыру негізінде таза табысты өсіру; өндірістің дамуына бағытталған таза пайданы арттыру мақсатында дивиденттік саясатты жүзеге асыру; тозған және пайдаланылмайтын құрал-жабдықтарды жүзеге асыру;

3. Стратегиялық қаржы тұрақтылығы және нарық құнының өсуіне бағытталған экономикалық өсу. Экономикалық өсу моделі төрт факторға негізделген:

- өткізу рентабельділігінің өсуі, баға саясатының тиімді жүзеге асырылуы арқылы жету мүмкін;

- өндірістің дамуына әсер ететін таза пайда үлесінің өсуі;

- активтер айналымының жеделдетілуі, яғни ол оның қажеттілігін азайтады;

- ағымдық активтерді азайту үшін математикалық экономикалық модельдер;

- көліктік есептер, қорларды басқару тағы басқалар;

- қаржы левириджді тиімді қолдану.

Әдебиеттер

1. Ковалев А.И. Привалов В.П. «Анализ финансового состояния предприятия».- М ; Центр экономики и маркетинга, 2006

2. Балабанов И.Т. Анализ и планирование финансов хозяйствующего субъекта: Учебн. пособие. – Москва: Финансы и статистика, 2002;

3. Дүйсенбаев Қ.Ш. “Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау.” Оқу құралы. – Алматы: Экономика. 2001.

4. Спирин В.С. Анализ экономического анализа предприятия. – М.: Ф и ст., 2006 – С. 21

5. Стоянова Е.С. Финансовый менеджмент. Москва ИНФРА-М 2003г С.560

6. Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау /Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2001. – 8-291 беттер;

Определено теоретическое значение финансового положения и финансовой устойчивости предприятия. Выявлены основные цели программы антикризисного управления. Обеспечение финансовой устойчивости, предотвращение кризиса – являются составной частью управления и стратегического планирования против банкротства.

Theoretical value of a financial position and financial stability of the enterprise is defined. Main objectives of the program of anti-recessionary management are revealed. Maintenance of financial stability, crisis prevention – are a component of management and strategic planning against bankruptcy.

Н.В. Демидова

ПУТИ РЕФОРМИРОВАНИЕ НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В соответствии с высокой ролью пенсионной системы в части обеспечения социальных гарантий, роста экономики, Казахстан одним из первых среди стран СНГ и Балтии еще в январе 1998 года приступил к реализации пенсионной реформы, в результате которой